

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЕРТЕҢІМІЗДІҢ КЕПІЛІ

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы – ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, бастыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айрылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның ігілігіне жарату жолындағы мақсат-мұddeлел туралы өзекті мәселе көтерілген.

Тұнғыш Президент Н.Назарбаев онда Қазақстан үшін қайта тулеудің айрықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, біртутас ұлт қалыптастыру үшін болашаққа бастайтын қадам мен бұқаралық сананы өзгертуді болжайтын көзқарастарымен бөлісті. Ұлттың жаңа тарихи кезеңдегі негізгі мақсаты белгіленді.

Нарықтық экономикадағы интенсивті бәсеке жағдайында сапалы қызмет көрсету – кәсіпорынның басты міндепті. Яғни, жоғары сапалы қызмет көрсету деңгейіне жетіп, тұтынушыларға экскурсиялық қызметтер көрсету жүйесін үйімдастыру болып табылады.

Этнографиялық экскурсия – туризмнің бір бөлігі. Этнографиялық экскурсияның міндепті – әрбір этнографиялық объектінің көрсете отырып, қазақ халқының тарихын таныстыру. Этнографиялық экскурсияның мазмұны бойынша этнопедагогикалық деректі материалдарды жинақтау, іріктеу, этнографиялық экскурсияның әр кезеңі бойынша мәтінді дайындау, көрnekі құралдар мен этнографиялық экскурсиялық объектілердің паспортын жасау өтे күрделі үрдіс.

Этнографиялық экскурсияның бастауын «қазақ» деген сөзге түсініктеме бере отырып, елдің болмысы мен құрылу тарихына тоқталу маңызды. Оған қажетті

материалдарды тарихи музейлерден алып, қазақ елінің өмір салты мен айналысқан көсібінә көз жіберуге болады. Сондай-ак, этнографиялық экскурсия портфеліне «әз-Наурыз», «Қазақ халқының шежіресі», «Қазақ халқының салт-дәстүрі», «Қазақ халқының әдет-ғұрыптары», «Қазақи дәстүрлі баспаны», «Қазақтың ұлттық дастарханы», «Қазақ халқының ұлттық қолөнер туындылары», «Қазақтың киіз үйі және оның мұліктері» тақырыптары бойынша мағлұмат жинақтаған абыз. Мәселең, «Қазақ халқының киім кио дәстүрі» тақырыбына тоқталғанда ата-бабаларымыздың жас ерекшелігіне, жынысына, түрлі жағдайларға байланысты (қызың берін жігіттің кездесуі, қызың үзату, тұсаукасер т.с.с.) киім кио дәстүрлерін таныстырган дұрыс. Шетелден, алыс-жакын мемлекеттерден келген туристерге түсінікті болу үшін этнографиялық экскурсияларды ұлттық мейрамдар кезінде үйімдастырган өтө қолайлышты.

**А.ЕСЕНОВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
"Халықаралық туризм және  
сервис" кафедрасының  
менгерушісі, ә.ғ.к., доцент,**

**К.АРАПОВА,  
магистр, аға оқытушы,**

**Д.ҚАБЛАНБЕК,  
магистр, оқытушы**